

Гидраттүзілудің ингибиторлары ретінде **хлорлы кальций** және **хлорлы литий** ерітінділері қолданылады. Гидраттармен күрестің ең тиімді тәсілі- газдарды кептіру, нәтижесінде ылғал мөлшері лезде азаяды. Кептірілген газдың шық нүктесі бензинсіздендіру және газ тасымалдаудың жұмысшы температурасынан 5-7 С –қа төмен болуы қажет.

Жоғары келтірілген ерекшеліктерге байланысты «**ылғал**» газды тасымалдау алдында кептіру мынадай көрсеткіштер үшін қажет

а) газ құрамындағы су температура төмендегенде бөлінеді, төмендетілген орындарда жиналады, газ қозғалысына кедергі келтіреді және газ құбырының өткізгіштік қабілетін азайтады.

б) нөлден жоғары қысым мен температурада газды тасымалдау кезінде олар қалдық ылғалмен кристаллогидраттар түзеді. Бұл газ құбырларында болатын апатқа алып келуі мүмкін.

в) егер газ құрамында өте аз концентрацияда болса да көміртек екіоксиді немесе күкіртсутек болса, онда олар суда ери отырып әлсіз қышқылдар түзеді. Олар құбырлар мен аппараттардың қарқынды коррозиясын тудырады.

г) бұдан басқа, төмен температуралы ректификация кезінде газ ылғалдары жабдықтардың қабырғаларына мұз түрінде жабысады.

д) газды каталитикалық өңдеу кезінде ылғал көптеген катализаторлар үшін у болып табылады.